

Жұмабек Манапханның «Табиғи газ метанның ерітіндінің жану үрдісінде қалыптасқан композитті материалдарда синтез-газға каталитикалық қайта өндеу»
 тақырыбындағы 6D073900-«Мұнайхимия» мамандығы бойынша философия
 ғылымдарының докторы (PhD) ғылыми дәрежесін іздену үшін ұсынылған
 диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

ПІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) <u>Диссертация мемлекет бюджетінен каржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</u> 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы); 3) Диссертация Қазакстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес(бағытын көрсету).</p>	<p>Диссертация тақырыбы ғылымды дамытудың 2018-2022 жылдарға арналған басым бағыттарына сәйкес келеді, атап айтқанда:</p> <p>1) Табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану, оның ішінде су ресурстары, геология, өндеу, жана материалдар мен технологиялар, қауіпсіз өнімдер мен құрылымдар, арнайы бағыт Көмірсутек шикізатын кешенді өндеу.</p> <p>2) Жаратылыстану саласындағы ғылыми зерттеулер, арайы бағыт Химия саласындағы іргелі және колданбалы зерттеулер.</p> <p>Автордың ғылыми жұмысы ҚР Білім және ғылым миністірлігі қаржыландыратын: «Жаңа буынды заманауи композитті материалдардан газ тәрізді табиғи шикізаттан әртүрлі мақсатта қолданылатын қазіргі заманғы түрлендірілген көмірсутектер мен отындар алу» (мемлекеттік тіркеу №0118РК00272, 2018-2020 жж.) және «Экологиялық таза, тиімділігі жоғары отындарды әзірлеу үшін жаңартылған табиғи шикізат-биогаздың каталитикалық риформинг іргелі аспектілерін дамыту» (мемлекеттік тіркеу №0120РК00479, 2020-2022 жж.) гранттық жобаларының аясында жасалған.</p>
2	Ғылыми маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспады,	Диссертациялық жұмыстың нәтижесінде алынған

		ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	теориялық және практикалық мағлұмattар көмірсүткөрді өндөу дәүіріне қадам басқан Қазақстан үшін табиғи және ілеспе мұнай газдарын ұтымды кәдеге жарату және оларды экологиялық зиянсыз пайдалы өнімдер алу ерекше өзектілік пен практикалық маңыздылыққа ие. Зерттелетін процестің маңыздылығы жақсы ашылған. Катализаторларды синтездеу әдістері егжей-тегжейлі сипатталған. Метанның ішінara тотығу және көмірқышқылды конверсиясы үрдісінде қолданылатын катализаторлардың белсенділіктері анықталған.
3	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаган.	Автор диссертациялық жұмыста көрсетілген барлық бөлімдерді, оның ішінде әдеби шолуды, эксперименттік зерттеулердің теориялық негіздерін, әдістемелер әзірлеуді, зерттеу жүргізууді, алынған нәтижелерді талдай отырып ғылыми жарияланымдарда жариялауға тікелей қатысқан. Қорта айтқанда автор осы диссертациялық жұмысты зерттеу мен жазу барысында біліктілігі мен дербестік деңгейінің жоғары екендігін көруге болады.
4	Ішкі бірлік принципі Ғылыми жаңашылдық принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <u>негізделген</u> ; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Көміртектикалық бейтараптылыққа көшу мақсатын алға қойған Қазақстан үшін метанның селективті тотығуы үрдісін терең зерттеу көмірсүткөрдің шикізаттарын пайдалану саласын дамытудың басымдықтарына сай келеді. Бұл дегеніміз қазіргі таңда табиғи және ілеспе мұнай газдарын кәдеге жарату мәселесін ерекше өзектілік пен практикалық маңыздылыққа ие екендігін көрсетеді. Зерттеу жұмысы болашақта қазба

			шикізатын жаңартылатын көздерге ауыстыру қажеттілігіне назар аудартады.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) <u>айқындайды</u> ; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындаамайды.	Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды. Диссертациялық жұмыстың тақырыбы метаннан синтез-газ алу үрдісінде ерітіндіде жану әдісімен дайындалған катализаторларды синтездеу және олардың катализдік реакцияларда зерттеуге арналған.
		4.3 Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді</u> ; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Диссертациялық жұмыстың мақсаты катализатор дайындаудың жана тәсілі ерітіндіде жану әдісімен катализаторларды жасау және осы катализаторларды метанды тотықтыру арқылы экологиялық таз жартылай өнімдер алу болып табылады. Диссертацияның мақсаты мен міндеттері тақырыпқа сәйкес келеді. Олар зерттеудің бағытын негіздейтін егжеттегежайлі шолудан анық көрінеді.
		4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы логикалық байланысқан: 1) <u>тольк байланысқан</u> ; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Алынған нәтижелердің ішкі бірлігі диссертациялық жұмыстың мақсатына, таңдалған әдітерге және ұсыну реттілігіне байланысты. Жұмыстың құрлымы зерттеу мақсаттарына сәйкес келеді ұсыну стилінің реті сақталған, тараулардың мазмұны құрлымды және логикалық байланысқан. Диссертацияның барлық бөлімдері мен тұжырымдары логикалық түрде өзара байланысқан. Әдеби шолу мәселенің тарихка дейінгі кезеңін, оның қазіргі жағдайын көрсетіп, мақсаттары мен міндеттерін айқындайды. Нәтижелер және оларды талқылау бөлімі алынған зерттеу мәліметтері негізінде сараланған.
		4.5 Автор ұсынған жаңа	Автор ұсынған жаңа шешімдер

		<p>шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>сыни талдау бар;</u> 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген. 	(принциптер мен әдістер) тәжірибе жүзінде дәлелденіп, бұрыннан белгілішешімдермен салыстырылып бағаланған, сынни талдау бар.
5	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады). <p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1)<u>толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады). <p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады) 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады). 	<p>Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы ретінде катализаторлардың көлемдік жану режимінің температуралы-уақыттық профилін, Со - Al катализаторының құрамына Al-дің рөлін, катализаторларды дайындау барысында алғаш рет Ni-Al-Mg/карбамид катализаторлары үшін бастапқы ерітіндідегі қолданылатын судың көлемінің әсерін және дайындалған катализаторларда метанды экологиялық таза сутекқұрамды отынға айналдыру үрдісінің шарттарыннатап өтуге болады, олар толығымен жаңа болып табылады.</p> <p>Диссертациялық жұмыста синтез-газды алу үшін бағалы металдардың қатысынсыз заманауи тиімділігі жоғары ерітіндіде жану әдісімен катализаторларды дайындау бойынша зерттеу жұмыстары жүргізілді. Зерттеу негізінде келтірілген қорытындылар толығымен жаңа болып табылады.</p> <p>Техникалық шешімдердің барлығы дерлік жаңа, олар белгілі әдістерге негізделген. Жасалған катализаторлар мен алынған нәтижелер де жаңа.</p>

6	Негізгі қортындылардың негізділігі	Барлық қортындылардың түрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерге <u>негізделген/негізделмеген</u> (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша).	Зерттеу жұмысында ұсынылған барлық қортындылардың түрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерге негізделген.
7	Корғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>дәлелденді</u>; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді. 	<p>Диссертацияда корғауға келесі қағидаттар ұсынылған:</p> <ul style="list-style-type: none"> - метанның парциалды тотығуы және метанның көмірқышқылды конверсиялануы үшін белсенді және селективті катализаторларын ерітіндіде жану әдісімен дайындау тәсілі; - метанның тотығу үрдісіне арналған катализаторлардың онтайлы құрамы; - метанның парциалды тотығуы және метанның көмірқышқылды конверсиясы үрдісін катализатор қатысында жүргізуіндегі онтайлы шарттарын(температура, көлемдік жылдамдық, бастапқы газ концентрациясы) анықтау; - Со-Mg катализаторларына H_3BO_3 қосудың нәтижесінде кристалдық тордың параметрлерінің өсуіне әсер ететін шпинельдердің түзілуінде Co^{2+} ионының B^{3+} және Mg^{2+} иондарымен орын алмасуының рөлі; - пайдаланылатын судың рөлі анықталды. Және олар толық зерттеу жұмысымен соңындағы қортындылармен нақты дәлелденген. <p>Барлық қағидаттар тәжірибе жүзінде дәлелденген.</p>
		<p>7.2 Тривиалды ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жоқ. 	Корғауға шығарылған негізгі қағидаттар тривиалды емес.
		<p>7.3 Жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>ия</u>; 2) жоқ. 	Метанның тотығу үрдісіне арналған катализаторларды ерітіндіде жану әдісімен дайындау тәсілі жаңа болып табылады. Сонымен қатар метанның парциалды тотығу үрдісі үшін 34% CH_4 - 17% O_2 -

			<p>49% Ar қатысында $W = 6500 \text{ сағ}^{-1}$. көлемдік жылдамдықта 600-900°C температурада ал метанның көмірқышқылды конверсиясы 33% CH₄ - 33% CO₂ - 33% Ar және 55% CH₄ - 45% CO₂ қатынастарында $W = 20000 \text{ сағ}^{-1}$ көлемдік жылдамдықта 600-900°C температурада блокты катализатор(30мл) қатысында ірілендірілген қондырғыда зерттеулер жасалған.</p>
		7.4 Қолдану деңгейі:	<p>Көрғауға шығарылған негізгі қағидаттардың қолдану аясы жүргізілетін реакцияға байлансты тар деп айтуға болады.</p>
		7.5 Мақалада дәлелденген бе?	<p>Автор өзінің зерттеу жұмысыбының алғыс-жақын шетелдерде 16 басылым жарияланған, оның ішінде Scopus және Thomson Reuters мәліметтер базасына кіретін халықаралық ғылыми басылымдарда 5 мақала; КР БФМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған журналдарда 1 мақала; халықаралық және республикалық ғылыми конференцияларда 8 материал жарияланған. Сонымен қатар, КР пайдалы модели бойынша 2 патент алынған.</p>
8	Дәйектілік принципі. Дереккөздер менұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснаманақты жазылған: 1) <u>иля</u> ; 2) жоқ.	Диссертациялық жұмыстың таңдалып алыныған әдістемелері негізделген әрі ғылымитілде нақты жазылған.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеудердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді диаграммалық өндөу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>иля</u> ;	Диссертациялық жұмыстың зерттеу нәтижелеріозық компьютерлік технологияларды қолдана отырып, физика-химиялық, катализдік және хромотографиялық анализдерден алынған деректерді диаграммалық өндөу әдістемелерінің нәтижесінде алынған.

		<p>2) жоқ.</p> <p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген жәнерасталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) <u>ија;</u> 2) жоқ.</p>	<p>Зерттеу жұмысында метанның катализатор катысында тотығуы нәтижесінде синтез-газ алу барысында келтірілгентеориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар катализдік ірілендірілген зертханалыққондырығыларда сонымен қатар әртүрлі физика-химиялық және хромотографтық зерттеулер жүргізу арқылы дәлелденген.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәліметтер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған.</p>	<p>Маңызды мәліметтер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған, бұған пайдаланылған әдебиеттер тізімі дәлел бола алады әрі олар әдеби шолуга жеткілікті.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуга жеткілікті/жеткіліксіз.</p>	
9	Практикалық құндылық принципі	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <p>1) <u>ија;</u> 2) жоқ.</p>	<p>Диссертацияның теориялық маңызырытінде метанды катализатор катысында тотықтыру арқылы алынған синтез-газды перспективалы және өте жылдам дамып келе жатқан автокөлік және энергетика саласында экологиялық таза тиімділігі жоғары отын ретінде колдануды айтуга болады.</p>
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада колдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) <u>ија;</u> 2) жоқ.</p>	<p>Диссертацияның практикалық маңызырытінде қазіргі таңда өзекті болып отырған экологиялық мәселлерді шешу үшін жасалып жатқан табиғи және ілеспе мұнай газдарын ұтымды кәдеге жарату, жаңартылатын энергия көздерін табу және олардан экологиялық пайдалы өнімдер таза синтез-газ бер сутекті алу үшін өзіндік құны төмен катализаторлардыңдау</p>

		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады) 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады).	Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады. Оның дәлелі шетелдік және Қазақстан ішіндегі журналдарда жарияланған мақалларымен пайдалы модел бойынша шықкан патенттері.
10	Жазу мен ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы жоғары, жұмыс нақтығының техникалық түрде, зерттеу барысы логикалық түрғыда дәйекті жазылған.

6D073900-«Мұнайхимия» мамандығы бойынша философия ғылымдарының докторы (PhD) дәрежесін беру мүмкіндігі туралы қорытынды

Диссертациялық жұмыс бойынша келесі ескертулерді айтуда болады:

1. Метан риформингі үрдісіндегі сынақтан кейін элементердің құрамы өзгереді ме?
2. Ерітінді жану әдісімен дайындаған катализаторлар синтезінің принциптері қандай? Жоғарыдағы әдіспен кез келген құрамдағы қалаған композицияны дайындауга болама?
3. Улгілердің дисперстілігі ішінана тотығу мен көмірқышқыл конверсиясы үрдістеріне қалай әсер етеді?
4. Зерттеу жұмысында беттік ауданы өте аз үлгіде синтез-газ бойынша өнімдердің шығымы жоғары болған. Мұны қалай түсіндіруге болады?

Бұл ескертулер диссертациялық жұмыс туралы жалпы жақсы пікірді төмендетпейді
Диссертациялық жұмыс ҚР Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы сапаны бақылау комитетінің PhD докторлық диссертациясына қойылатын талаптарға сәйкес келеді және оның авторы оның авторы Жумабек Манапханға 6D073900- "мұнайхимия" мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайық деп есептеймін

**Полимер материалдары және технология институты, ғылыми қызметкер х.ғ.к.
Татыханова Г.С.**

Г.Татыханова

*Есептесінген Гатыханова Г.С. заверено
Наголовик 016 Амангельдин Т.А.*

